

Бекітемін _____
 Меңгеруші: _____

2023 жыл сәуір айы 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.04.2023	Сейсенбі 04.04.2023	Сәрсенбі 05.04.2023	Бейсенбі 06.04.2023	Жұма 07.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың ауа райына байланысты киіну жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру, белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау. (Балармен жеке жұмыс).				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертенгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Ересектердің бақылауымен бетін, қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен кұрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Сөздерін қайталау. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін таңдауын айтуды қалыптастыру. «Құстар әлемі» тақырыбында жеке әңгімелерді айтып беру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және кұрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауына жағдай жасау және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Өннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату, ол әуендерді тани білуге дағдыландыру.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	«Құстар» жайлы суреттерді тамашалап балалардың даусына еліктеу арқылы дыбыстарды, қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету (сөйлеуді дамыту) Үстел үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер) құстардың ұяларын құрастыруды үйрету (Құрастыру)	Құстар түрлі ойыншықтарын беру. Олардың түсін, көлемін, пішінін, сын есімдермен атауды дамыту (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Құстардың ұясын жасату, қолдарының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (сенсорика)	Орман бейнесіндегі фланелеграфқа аңдар (аю, қасқыр, қоян) бейнелерін орналастыруды үйрету (жапсыру) Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату, ол әуендерді тани білуін қалыптастыру (музыка)	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) (сенсорика)	Құстар туралы мультфильм қарату. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып орындатып ойнату. Сол мультфильмді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды қолданып көрсетумен айтып беруіне ықпал жасау. (сөйлеуді дамыту)

					және көркем әдебиет) Құстар бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету (Жапсыру)
Серуенге дайындық	Ересектердің басқаруымен киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту) . Күн тәртібіне сәйкес тазаауада болуын қамтамасыз ету.				
Серуен	Үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), туралы түсініктерді қалыптастыру. Қаздар мен үйректердің дауысын тыңдату. Оларды қайталау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Орман бейнесіндегі фланелеграфқа құстар бейнелерін орналастыруды дамыту (Жапсыру) Қ/о «Өз үйінді тап» Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым	Еден үсті құрылыс материалдарымен жазықтықта ағаштарды орналастыру құрастырып, орман жасату. (Құрастыру) Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектер әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (Қоршаған ортамен таныстыру) Ойын «Ортамызда кім жоқ»	Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Құстар сияқты ұшуды пысықтау. Олардың дауыстарын салғызу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Өз үйінді тап» Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып (сақиналарды жіпке тізу)тапсырмаларды	Құстарға жем су бергізу. Олардың ұясына қонғанын бақылату. Суда жүзетін құстардың суреттеріне қарап салыстыру. (қоршаған ортамен таныстыру және сөйлеуді дамыту) Суда жүзетін құстарға ұя жасату. (Құрастыру)	Ойыншық түріндегі құстарды (тауық, қаз үйрек) ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету (Қоршаған ортамен таныстыру) Еден үсті құрылыс материалдарымен еркін ойындарды ойнату (Құрастыру) Ойын «Ортамызда кім жоқ» Қимылды ойын: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір

	қимылды ойындар ойнату		орындауды дамыту (сенсорика)		кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Жағымды музыкамен сүйемелденетін ертегілер тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Педагогтің көмегімен таныс өлеңді қосыла қайталуды пысықтау (көркем әдебиет) Ермексаздан құстардың денесін басын домалақтап жасату, содан соң құс қауырсынын қанат етіп қадап қоюды үйрету (мүсіндеу)	Құстар бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету (Жапсыру) Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, Суреттің қарапайым элементтерін (құстардың аяғын, тұмсығын) аяқтап салуды пысықтау (Сурет салу)	Кітаптарды қарату. Құстарға керекті заттардың бейнелерін тапқызу. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіріп сөйлеуді дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру Кесені мүсіндеуде пішіннің орта бөлігін саусақпен басып, тереңдетіп жасауды үйрету. Құстарға жем беретін ыдыс жасату. (мүсіндеу)	Ермексаздан құстар ойнайтын доп жасату. (мүсіндеу) Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін (ағаштың бұтақтарын) салғызу (Сурет салу)	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін (құстардың табағына жем) салғызу (Сурет салу) Мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру Құстарға су беретін табакты мүсіндеуде пішіннің орта бөлігін саусақпен басып, тереңдетіп жасауды үйрету (Мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Алып шыққан ойыншықтарды, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. (сенсорика) Қ/о «Автобус»	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тануды үйреету (музыка) Ойын «Ортамызда кім жоқ»	Алып шыққан құрылыс ойыншықтарымен еркін құрастыру ойындары (Құрастыру) Саусақтарымен табакты құмда салуды үйрету (сурет салу) Қ/о «Ұшақтар»	Лэпбукте құстарды дұрыс орналастырып жапсыру. (жапсыру) Қ/о «Өз үйңді тап»	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. (сенсорика) Қ/о «Автобус»
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың қайтар кезіндегі көңіл күйін талқылау				

2023 жыл сәуір айы 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 10.04.2023	Сейсенбі 11.04.2023	Сәрсенбі 12.04.2023	Бейсенбі 13.04.2023	Жұма 14.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен, жүрекше стикер беріп қарсы алу, жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға көтеріңкі көңіл күймен келу жағдайларын талқылау. Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, күн жылуына байланысты киіндіруге кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, «Жапырақтар»,саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату барысында баланың сөйлеуін дамыту. (Балармен жеке жұмыс.)				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіспеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыка қою. Қарапайым би қимылдарын орындауды пысықтау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу (музыка) Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.«Ай мен күн» тақырыбында жеке әңгімелер жүргізу. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту,				

	қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Жастарына сәйкес көркем шығармалар оқып беру. «Ай мен жұлдыз» ертегісі. Кейіпкерлердің сөздерін қайталату. дауысын салуды үйрету. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Балаларда бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін (айды)	Ұшақтың дауысы естірту. Балалардан бұл ненің дауысы? сұрау. Осы дауысты бірнеше рет айтып қайталату. Содан соң суретін көрсету. Ұшақ туралы мультиткен үзінді көрсету. Ұшақ болып ұшуды ұйымдастыру. Құрастыру заттарынан ұшақ жасату. (сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Аспандағы бұлттарды мүсіндету. (мүсіндеу) Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін (бұлттарды) салуды меңгерту. дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеулерін дамыту.	Терезеге қаратып, күнге назар аударту. Күн қандай? деген сұраққа жауап беруді үйрету. Күннің суретін көрсетіп, әр балаға жылы сөз айтуды үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Домалақ күнге шуақтарын қойдырту. (сенсорика)	Қалаған заттың мүсінін жасауды ұсыну және жасау дағдысын пысықтау (Мүсіндеу) Гүлдерді тоғайға жапсыруды үйрету (Жапсыру)

	салуын жетілдіру (сурет салу)		(Сурет салу)		
Серуенге дайындық	Киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді және бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту). Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.				
Серуен	«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Балабақша ауласының ережелерін таныстыру. Сырғанақ, әткеншекті пайлану бойынша нұсқаулықтар беру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Доп мүсінін жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыру (мүсіндеу) Қимылды ойын «Шарды ұста» Бірдей жұлдыздарды топтастырып ойнату. түрлі көлемдегі	Ағаш бұтақтарынан ұшақ жасату. (кұрастыру) Ағаштарды бақылату, жел тұрғанда олардың жапырақтарының қимылына назар аударту. Қимылды ойын: «Поезд» Доптарды бір-біріне домалату (дене шынықтыру) Бірдей жұлдыздарды топтастырып ойнату. түрлі көлемдегі	Балабақша ауласына шығып аспанға қарау. не көріп тұрғандарын анықтату. Көргендерін атауды, сипаттауды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Шарды ұста» Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, ол әуендерді тани білуін қалыптастыру (музыка)	Өлі табиғатпен (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас) әрекет ету түрлерін (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, , тасты жинау, қалау) таныстырып түсініктерді қалыптастыру, Олармен ойнату және эксперимент жасауды ұйымдастыру. Тасты ағашты суға салуып көруін ұйымдастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Ұшақтар»	«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Көшедегі көліктердің қауіпті екенін түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын: «Автобус»

	геометриялық пішіндерді негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (Сенсорика)			Фланелеграфқа күнді жапсырту. (жапсыру) Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды дамыту. Құмда саусақпен күннің сурет салғызу. (сурет салу)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ай мен жұлдыз бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету (Жапсыру) Өртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату, ол әуендерді тани білуін қалыптастыру (музыка)	Ұшақтың суретін бояту (Сурет салу) Пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді, кесектерді біріктіруді мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру. Дайын ұшақтарға дөңгелек жасату. (Мүсіндеу) Еркін ойындар Ертегі оқып оны ойыншықтар, суреттер, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету (көркем әдебиет)	Аспан әлемі туралы кітаптар қарату. балалар танитын заттарын айтқызу. топтағы сол заттарға ұқсас заттарды тапқызу. Олардан аспан әлемін құрастырту. (сөйлеуді дамыту, құрастыру) Қимылды ойын: «Жалауға қарай жүгір»	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қойуын қалыптастыру. Аспандағы күн, ай, жұлдыз ұшақ, бұлттарды дұрыс топтастыруды жетілдіру. (Құрастыру) Ермексازдан күн жасату (мүсіндеу)	Ләпбуктен аспан әлемін көрсету, ішіндегі бейнелерді танып атату, тапсырмалар орындату. (сөйлеуді дамыту, құрастыру) Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды үйлестіру арқылы айдың қасына майда жұлдыздарды салуды үйрету. (сурет салу)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу, олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту (кұрастыру) Қимылды ойын «Шарды ұста»	аспанда болатын заттарды тауып лэпбукқа жапсырту. (Жапсыру) Қимылды ойын: «Өз үйінді тап»	Балаларға жасырынған ойыншықтарға жеткізетін жолдарды құрылыс материалдарынан жасату (кұрастыру) Балалардың дербес әрекеті.	«Санжардың ойыншықтары». Әңгіме оқып беру. Көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. (көркем әдебиет) Доппен ойындар.	Ұшақтармен құстарды қатармен жапсырту. (Жапсыру) Қимылды ойын: «Өз үйінді тап»
Балалардың үйге қайтуы	Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.				

2023 жыл сәуір айы 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.04.2023	Сейсенбі 18.04.2023	Сәрсенбі 19.04.2023	Бейсенбі 20.04.2023	Жұма 21.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу, жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Отбасында ағаш гүл отырғызу жөнінде ақпарат алу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіспеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді видео муызка сүйемелдеуімен қарапайым би қимылдарын орындату: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отырыу, аяқтан аяққа тербелу (музыка) Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Ағаштар мен гүлдер» тақырыбында жеке әңгімелер ұйымдастыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап				

	беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету мен(қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналату.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Қонаққа келген көктем аруының себетіндегі заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Тез жинау ойынын ойнату (сөйлеуді дамыту) Көңілді музыка сүйемелдеуі	Көктем Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Өн салуға құштар. педагогтің көмегімен өленді толық қайталауға ынталандыру. (көркем әдебиет) Түрлі түсті шарларды салғызу (сурет салу)	«Бауырсақ» ертегісін тыңдату сұрақтарға жауап алу. Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін екі бөлек карточкадан құрастырып тану дағдысын дамыту (сөйлеуді дамыту, құрастыру) Саз балшықтан ертегідегі шалқанды жасауды үйрету (мүсіндеу) Өз қалаулары бойынша құрылымдар құрастырғызу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау,	Қонаққа келген апаның қоржынындағы заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Көңілді музыка сүйемелдеуімен қонаққа келген қуыршақпен балалардың бірге билеуін	Педагогтің көмегімен таныс көктем шағын өленді толық қайталауға ынталандыру сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ермексаздан ағаштардың жапырақтарын жасату. (мүсіндеу)

	мен қонаққа келген көктем аруымен балалардың бірге би билеуін ұйымдастыру (музыка)		қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)	ұйымдастыру (музыка)	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Құмда гүлдердің суретін салғызу. (сурет салу) Гүлдер мен ағаштарды таныстыру. Оларға су құйғызу (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар. Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедке	Құрастырмалы материалдардан орындықты құрастырғызу (құрастыру) Ойншық түріндегі аңдармен (аю, қасқыр, қоян) таныстыру оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу дағдысын дамыту (қоршаған ортамен таныстыру)	Су қасиетімен таныстыру(алақанға су құю, оның ағып кететінін, заттардың бататын батпайтынын анықтату.) (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар) дағдысын дамыту	Құрғақ және суланған құм қасиеттерімен таныстыру. Шағын күлше пішіндегі қалыптарға салып аударып қарату. Шашылған құмды жинау дағдыларын дамыту (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және	Құрғақ және суланған құм қасиеттерімен таныстыру. Шағын күн пішіндегі қалыптарға салып аударып қарату. Шашылған құмды жинау дағдыларын жетілдіру (қоршаған ортамен таныстыру) Алып шыққан сенсорлық ойыншықтармен

	отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.	Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. (жапсыру) Еркін ойындар, жеке жұмыстар	(музыка)	тұйықталған дөңгелек сызықтарды құм бетінде саусақпен жеңіл жүргізуді үйрету. (мүсіндеу, сурет салу)	еркін ойындар (сенсорика) Еркін ойындар Құмда сурет салғызу. (сурет салу)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» көркем сөзді эмоциалы қабылдауды үйрету. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру. (көркем әрекет)				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қуыршаққа арналған әшекей білезікті жасату және жапсыру дағдысын жетілдіру (жапсыру) Ермексаздан қуыршаққа шарлар жасау (мүсіндеу)	Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар) дағдысын дамыту (музыка) Ауызша нұсқаумен пирамида сақиналарын ретімен қазығына кигізу дағдысын пысықтау (сенсорика)	Суреттің қарапайым элементтері ретінде тік қысқа сызықтарды қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, жаңбырдан соң өскен шөптердің суретін салғызу (сурет салу)	Ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту (сенсорика, жапсыру)	Фланелграфқа бұлттар мен жаңбыр тамшыларын жапсырып, орналастыру дағдыларын дамыту (жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/о «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. (кұрастыру)	Кітаптар қарату. Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Қ/О «Поезд»	Өртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын (біреу-көп), ажыратуын дамыту (сенсорика) Қ/о «Шеңберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» үлкен кіші мұнараларды пластмас сақиналардан құрастырғызу (кұрастыру)	Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. (кұрастыру) Қ/О «Кім жылдам» Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ойнайтын ойындарды ұсыну. Апта бойы балалардың алған әсерлерін әңгімелесу арқылы үйде жалғастыруды ұсыну.				

2023 жыл сәуір айы 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 24.04.2023	Сейсенбі 15.04.2023	Сәрсенбі 26.04.2023	Бейсенбі 27.04.2023	Жұма 28.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу, жайлы жағдай жасап, смайлик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертенгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Желдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Қошақаным қайда екен» әнін қойып балаларға түрлі қимылдар жасату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Достық» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Екі дос қуыршақты көрсету. Олармен бірге балаларды бір бірімен дос боламыз деп екеу ара құшақтастыру. Достар қандай болу керек деп достық ережелерін суреттер арқылы таныстыру. Бірге ережелерді суреттер арқылы атату. (сөйлеуді дамыту) Көктем тақпағын қайталап айту. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, Қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)	Қонаққа келген атаның қоржынындағы заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып,	Ғажайып қоржыннан әр түрлі заттарды бір бірден алып онымен не істеу керектігін ойлап табуын ұйымдастыру. Жапсыратын заттарды фланелеграфқа жабысытырғызу. Қарандаштармен сурет салғызу. Ермексазды домалақтап, ойын ойнату. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	Қоржынан алған затты сипаттату. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті заттарды салыстыруды үйрету. (сенсорика) Құрылыс ойыншықтарымен еркін ойындар ойнату (құрастыру)

			тапсырмаларды орындату. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін қолдану дағдыларын дамыту. (сенсорика)		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектер әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (қоршаған ортамен таныстыру) Бірдей көліктерді топтастырып ойнату. түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі	Құмда еркін тақырыпта сурет салу. (сурет салу) Дидактикалық ойын Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге,	Кітаптарды қарату, ішіндегі танитындарын атату. Сөйлем құрап сөйлеуге үйрету. (көркем әдебиет) Балалардың дербес әрекеттері Ауа райның ерекшеліктерін байқату. Гүлдер мен ағаштардың өзгерістерін байқату, желдің соғуына зейін	Ауа райының жылығаны, күннің шуағының жылы екенін, құстардың келгенін, желдің бағытын анықтату. (қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Өз үйіңді тап»	Ауа райының ерекшеліктерін байқату. Гүлдерге ағаштарға су құйдыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Ырғақты би музыкасын тыңдап қол қимылын жасап билеуін

	көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (сенсорика)	ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Үстел үсті құрылыс материалдарымен қуыршаққа шағын жиһаздар (үстел, кереует) құрастыру және түрлі құрылыстарды жасату (Құрастыру)	аудыру (қоршаған ортамен таныстыру)		ұйымдастыру (музыка)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Достар ойнайтын ойыншықтарды ермексازдан жасату. (мүсіндеу) Фланелеграфта геометриялық фигуралардан машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру дағдыларын пысықтау. (жапсыру)	Ойыншықтардың екіге бөлінген бөлшек карточкаларын үйлестіріп жапсырту (Жапсыру)	Сазбалшықтан үлкен кіші нан шелпектерін жасату. (Мүсіндеу) Ірі құрылыс заттарымен еркін ойындарды ойнауға жағдай жасау (құрастыру)	Балалардың қалауы бойынша кітаптар таңдатып, ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Жануарлар ойыншығын топтастырып ойнату. заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау. (сенсорика)	Аңдар мен құстардың достарын тауып екі екіден айтқызып, жапсырту. Ләпбук арқылы ойындар ойнату (жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				

Серуен	Әртүрлі көлемдегі заттарды жинап достық алаңын жасауды үйрету (құрастыру) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерді жүргізу	Қ/о «Кім жылдам» Ауызша нұсқаумен пирамида сақиналарын ретімен қазығына кигізуді пысықтау (сенсорика)	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Еркін ойындар Ырғақты би музыкасын тыңдап қол қимылын жасап билеуін ұйымдастыру (музыка)	Қ/о «Жалауға қарай жүгір» Ірі құрылыс заттарымен еркін ойындар ойнату (құрастыру)	Қ/О «Өз үйінді тап» Балалардың қалауы бойынша кітаптар таңдатып, ертегі оқып беру. (көркем әдебиет)
Балалардың үйге қайтуы	Маша мен аю мультфильмін бірге тамашалауға кеңес беру. Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.				